

**«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ҚОСШЫ ҚАЛАСЫ  
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ»  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ПО  
ГОРОДУ КОСШЫ  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»**

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

2024 жылғы 3 қыркүйек

№ 108

Қосшы қаласы

город Косшы

**Қосшы қаласының  
білім беру ұйымдарында оқушыларды  
сапалы теңдестірілген тамақпен  
қамтамасыз ету туралы**

Ақмола облысының 2024-2025 оқу жылында мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде баладардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету жөніндегі кеңестің 2024 жылғы 22 шілдедегі хаттамасы және «Қазақстан республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені» негізінде БҰЙЫРАМЫН:

1. Қосшы қаласының 1-4 сынып оқушыларына тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.
2. Асхана қызметінің жай-күйін зерделеу бойынша мониторингтік комиссияның жұмыс кестесі бекітілсін және бұйрықтар жасалсын, нәтижелері сайтта жариялансын.
3. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметін сапалы және уақтылы көрсетуді қамтамасыз етілсін.
4. Жаппай біліммен қамту мәселелері жөніндегі бас маман А. Шоханова осы бұйрықты Қосшы қаласының барлық білім беру ұйымдарына жеткізсін және білім бөлімінің сайтында орналастырсын.
5. Бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің бас маманы А. Шоқановаға жүктелсін.

Басшы



Қ. Ахметов